

**«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Нүсіпәліқызы Ақтотының «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтің көркемдік қызметі (2000-2022 жылдар)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШҚІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың «ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» (2019 ж. №98 қаулы), 7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>1) «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.</p> <p>2) Диссертация тақырыбы «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтің көркемдік қызметі (2000-2022 жылдар)» атты бағдарламаға сәйкес орындалған.</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7.2 Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдылығына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қазіргі қазақ әдебиеттануының кемелдену үдерісі тұрғысынан алғанда, бұл өзекті тақырыптың ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен байланыстылығы айқын. Зерттеу ұлттық мифология мен әдебиеттану саласындағы тарихи мұраларымызды зерделеу мен игеруде жаңаша таным-білік тұрғысынан мүмкіндік беретіні анық әрі үлкен үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жариялаған ғылыми мақалаларынан, диссертациясынан да жазу деңгейінің жоғарылығы және өзіндік баяндау стилі анық байқалып тұр. Ғылыми жұмыс – бір қолдан шыққан, біртұтас жұмыс. Отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына орынды сілтеме жасаған.
4.	Ішкі бірлік	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық зерттеуде көркем әдебиет пен мифтің өзара

принципі	<p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>қатынасын қарастырудың эволюциялық және типологиялық даму жолдары сараланып, бағыт-бағдарлары қарастырылады. Мифтің көркем шығармаға трансформациялану мен интерпретациялану ерекшеліктері айқындалып, неомифологизмнің өзіне тән айрықша белгілері зерделенеді. Миф пен әдебиеттің синтезінен өрілген қазақ әңгімелерінің ұлттық танымға негізделген мәселесі қамтылып отыр. Қазіргі қазақ көркем әңгімесіндегі архаикалық мифтердің авторлық мифке айналу үдерістері туралы пікірлерімен келісе отырып, тұжырымды түйіндемелер жасалынады.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны «Миф және мифологияның әдебиеттегі көркемдік қызметі», «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі миф поэтикасы», «Қазіргі қазақ әңгімелерінде әлемді мифологиялық тұрғыдан қайта пайымдау» деп аталатын өзара тығыз байланысты үш тараудан тұрады. Зерттеу жұмысының негізгі тараулары және тарауларға қарасты бөлімдерінде қарастырылатын тақырыптар біртұтастықты құрайды. Диссертация жұмысында қаралатын өзекті ойды ашып, белгілі бір нәтиже қорытуға мүмкіндік береді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеуші қазақ прозаиктерінің мифтуындыгерлігіндегі мифологиялық бастау көздерді түстеп танып, олардың ішіндегі ең басым мифологиялық образдар мен мотивтер және архетиптерді қолданудағы көркемдік амал-тәсілдерді анықтауды негізгі мақсаты етіп қояды. Осы мақсатқа орай: 1) қазақ прозасында ерекше айналымға түскен әдеби мәтіндердегі неомифологизм үрдісіндегі мифологиялық образдар мен мотивтер және архетиптерді ғылыми айналысқа енгізілді; 2) қазақ әңгіме жанрындағы неомифология жайында жазылған шығармалар негізінде жанаша пайымдаулар мен топшылаулар жасалды; 3) қазіргі қазақ прозагерлерінің туындыларында ұшырасатын архетиптік, мифологемалық және мифемалық формаларға жататын қайта тірілу, тотем/аруак, трикстер, аспан, ана, жазымыш, мәдени қаһарман, ұлт келбеті және мәңгілік мезеттер туралы көзқарастарды жанаша зерделенді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациядағы үш бөлімде мифтің әдебиет пен өнердегі символдық мәні анықталып, оның метафоралық, аллегориялық, құбылушылық амал-тәсілдерімен жүзеге асатындығы белгілі. Әрбір қазақ қаламгерінің шығармашылығынан мифологизм мен неомифологизм үлгілерінің анық көрініс табуы кездейсоқ болатын көркемдік дүние еместігін айқын көрсетеді. Оның бастау көзінде дәстүршілдік пен жаңашылдықтың біріне-бірі алмасып отыратын жанды әдеби үрдіс жағатындығын ізденушінің қазіргі қазақ прозасындағы молынан кездесетін мифологиялық және</p>

			неомифологиялық үрдістердің бүгінгі күнгі ұлт қаламгерлерін бір-бірінен ерекшелендіретін мифтуындыгерлігі болып табылатынын анықтауға тырысқан. Осы бағытта бүгінгі қазақ прозасының әлем әдебиетімен, оның ішінде бауырлас түркі және шығыс елдері әдебиетімен тікелей байланыс өрбитін үрдіс байқалатындығын жете түсіндірілген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <b>сыни талдау бар;</b> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетіледі. Осыған дейін мамандар тарапынан айтылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сын тезінен өтіп отырады. Өзіндік тұжырымдар, тың пайымдар, сыни талдау бар. Мәселен, (129 б.) бұрын миф болып мүлдем танылмайтын, мүлдем белгісіз нышандар беймифологиялық ойлау тұрғысынан «жаңа мифке» айналып шыға келетіндігін 3 топқа бөліп қарастырған: 1. мифологиялық сюжеттер мен образдар; 2. авторлық мифтуындыгерлігі; 3. неомифологиялық әдебиеттің «тәмсіл әңгіме», «роман-миф», «поэма-миф» және «драма-миф» сияқты өзіндік ерекшеліктері. Осы бағыттағы қаламгерлердің көркем-эстетикалық және имандылық-философиялық ізденістері өз жемісін бергенін де тілге тиек етеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысының отандық әдебиеттану саласында алғаш рет қолға алынып отырған мәселе болуына байланысты жаңашылдық деңгейі де жоғары. Әдебиеттану тұрғысынан жасалған талдаулар жаңа нәтижелер алуға қол жеткізген. Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың барлығы дерлік жаңа деуге болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық еңбектің жаңалығы – жасалынған ізденістер өзекті болып табылады, ғылымның заманауи талаптарына сай. Диссертацияда алынған нәтижелер белгілі теориялық және практикалық қызығушылық туғызады және олар анықтамалық оқулықтарға, оның ішінде, электронды мәліметтер базасына енгізуге алғашқы мәліметтер болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация қоғамдық-гуманитарлық бағытта орындалғанына орай техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару саласымен жанаспайды. Бірақ автордың алға қойған мақсаты өзгеше орындалуына байланысты тәсілдік жағынан «толығымен жаңа» деп санауға келеді.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Әр тарау соңында жасалған талдаулар негізінде нақты қорытындылар жасалып отырады. Диссертациялық жұмыс соңында солардың негізінде жалпы қорытынды жасалады. Талдау, деректерді сараптау кезінде қоғамдық, және гуманитарлық ғылымдардың зерттеу әдістері мен олардың тұрақтаған белгілі теориялық пайымдары қажетіне қарай пайдаланыла отырып, негізгі қорытындылар кең түрде дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді</b>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <b>жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b>кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1. Негізгі қағидаттар толық дәлелденген. Диссертация көлемінде автор негізгі 7 қағидатты айқындаған. Бұл қағидаттар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған.</p> <p>7.2. Әрбір қағидат тривиалды емес деп саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған.</p> <p>7.3. Мейлінше жаңа. Әдебиеттану саласындағы зерттеулерде осыған дейін осы диссертацияда талданған мәселелер арнайы қарастырылған емес. Сол себепті нәтижелері де жаңалығымен ерекшеленеді.</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең. Әдебиеттану, фольклор, тарих және этнография салаларында кеңінен пайдалануға болады.</p> <p>7.5. 2017-2020 жылдар аралығында автордың 7 мақаласы жарық көрген. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған. Жарияланған еңбектер жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сәйкес келеді.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері басшылыққа алынған. Соның ішінде атап айтсақ әдебиеттанушы және мәдениеттанушы ғалымдар Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Ә. Қоныратбаев, С. Қасқабасов, Р. Бердібай, А. Қыраубаева, Ш. Ыбыраев, Е. Тұрсынов, Қ. Ерғөбек, Ә. Қодар, А. Ісмақова, С. Қондыбай, М. Орынбеков, С. Оспанов, Х. Көктәнді, А. Жақсылықов, З. Наурызбаева, М. Кадыралинова, А. Мауленов, Ж. Аймұхамбетова, А. Тойшанұлы, Қ. Ғабитханұлы, Ә. Әліәкбар, Ә. Бекжан, Т. Еңсегенұлы, А. Темірболат, С. Абишева, Ш. Адибаева, Г. Шаинова, О. Валикова, Л. Сафронова, Е. Лулудова, Э. Жанысбекова, Ә. Аймұхамбет, Ф. Туркмен т.б. сынды т.б. ғалымдардың теориялық ойпікірлері мен негізгі тұжырымдамалары

			<p>пайдаланылған. Сонымен қатар тақырыпқа қатысты шетелдік зерттеушілер, мифологиялық образдар мен мотивтерге когнитивтік талдауға арналған еңбектер жазған авторлар: Дж. Фрээр, М. Элиаде, Дж. Кемпбелла, З. Фрейд, К.Г. Юнг, Ж. Лакан, А.Н. Веселовский, В.Я. Пропп, Е.М. Мелетинский, В.Н. Топоров, В.В. Иванов, О.М. Фрейденберг, Я.Э. Голосовкер, В.П. Руднев, Е.А. Режабек, Н.Н. Николаенко еңбектеріне назар аударып, зерттеулері зерделенген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Иә. диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғаны көрініп тұр.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифологияның дамуына негізделген. Атап айтсақ, «Діни-мифтік сарындардың қазақ әңгімелеріндегі көрінісі» атты тараушада (96-б.) аталған тараушада қазіргі қазақ неомифологиясындағы мифтік мотивтер мен архетиптердің өзара үндестігі зерттелініп, тұжырым жасалды. Келесі тараушада ұлттық прозадағы неомифологиялық үрдіс және авторлық мифтер жайында қарастырылады.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Автор зерттеу барысында мифология, авторлық миф, неомифология, миф поэтикасын әр қырынан сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін және эмперикалық дереккөздердің мәліметтерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл әрбір тараудағы іргелі ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелерден анық көрінеді.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Библиографияда әдебиеттану бағытындағы шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық және арнайы сипаттағы әдебиеттерден тұратын 148 дереккөз атаулары бар.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық нәтижелерін тек қазақ филологиясы саласында ғана емес, философия, тарих, әлеуметтану, мәдениеттану, дінтану салаларындағы арнаулы курстар мен семинарларда</p>

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	оқу материалы ретінде қолдануға болады. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерін әдеби мұрадағы мифология негіздері бағытындағы зерттеулерде, теориялық материал есебінде пайдалануға болады. Бұл диссертациялық жұмыста кездескен тың мәліметтерді әдебиеттану мамандығын даярлайтын жоғары оқу орындарында «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифологизм», «Фольклор және әдебиет», «Фольклор және әдеби конвергенциялар», «Әдебиеттану және фольклористиканың өзекті мәселелері», «Әдебиет және фольклор поэтикасы», «Түркі халықтары әдебиеті» т.б. сынды элективті пән мен арнайы курстарда, арнайы семинарларда, оқу құралдарын жазу барысында қажеттілікке жарай алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның практикалық ұсыныстарының жаңашылдық дәрежесі толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады. Қазақ прозасында ерекше айналымға түскен әдеби мәтіндердегі неомифологизм үрдісіндегі мифологиялық образдар мен мотивтер және архетиптерді ғылыми айналысқа енгізілген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация ғылыми стильмен, нақты дерек-дәйектерді талдауға негізделген тұжырымдар жасай отырып жасалған.

Докторант Нүсіпәліқызы Ақтотының ««6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтің көркемдік қызметі (2000-2022 жылдар)» тақырыбында жазылған диссертациясы әдеби мұраны кешенді зерттеу саласына қосылған қомақты үлес болуымен қатар, ғылыми зерттеу жұмысына қойылатын талаптарға толық жауап береді. Сондықтан, оның авторы А. Нүсіпәліқызына «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Пікірді жазған:

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы



Ж.Қ. Смағұлов

ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТ. ИМНІ

Бас маман ҚББ Ақтоты Н.С.